

**ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛДЕРДЕГІ ЗАТТЫҚ МӘДЕНИ БІРЛІКТЕР
(ТОБЫЛ-ТОРҒАЙ ӨңІРІНІҢ ФОЛЬКЛОРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

(қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері материалдары негізінде салыстырылып алынды)

Әбсадықов А.А. - ф.ғ.д., А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры

Қайыпбаева А.Қ - ф.ғ.к., тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті

Айтмағамбетова Т.Ә. - А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ гуманитарлық – әлеуметтік факультетінің 2 курс магистранты
магистранты

Тіл – ұлттың тірегі. Ол – жан дүниені ашып көрсететін мөлдір айна. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Сондықтан қазіргі заман талабына сай үштілділік Қазақстанның негізгі мақсаттарының бірі. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тану керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Берілген мақала Тобыл-Торғай өңірі фольклорының негізінде қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері материалдарын ала отырып, үштұғырлы тілдердегі заттық мәдени бірліктерді салыстырып анықтауға бағытталған.

Кілтті сөздер: тіл, қарым-қатынас, үштұғырлы, бірлік, даму.

**МАТЕРИАЛЬНО - КУЛЬТУРНЫЕ ЕДИНИЦЫ ТРЕХЯЗЫЧИЯ
(НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРА ТОБОЛО-ТОРГАЙСКОГО КРАЯ)**

Абсадықов А.А. – доктор филологических наук, проректор по учебной и воспитательной работе КГУ им. А.Байтұрсынова.

Қайыпбаева А. - доцент кафедры теории языка и литературы, КГУ им. А.Байтұрсынова

Айтмағамбетова Т.А. - магистрант 2 курса филологического факультета, КГУ им. А.Байтұрсынова.

Язык является основой нации. Это зеркало открывающий мир души. Развитие языков - один из самых важных направлений государственной политики в стране. Оптимальное решение языковых проблем - совместимость международных отношений, основой которой является укрепления национального единства и социальной согласии. Президент Н.А. Назарбаев «Знание трех языка для современного казахстанца является необходимым условием для успеха». Идею о «Трехязычие» глава государства объявил 2006 году в октябре на XII съезде ассамблеи народов Казахстана. 2007 году в своем послании «Новый Казахстан в новом мире» предложил реализацию культурного проекта «Трехязычие языков». Это идея является индивидуальным направлением внутренней политики, а так же, духовным развитием народов Казахстана. То есть, цель идеи такова: все народы мира должны признать Казахстан в качестве образованной государством, который пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык – язык международных отношений и английский язык – язык успешной интеграции в мировую экономику. Другими словами, идею о трех языках можно объяснить простой и ясной формулой: государственной язык развиваем, русский язык поддерживаем и английский язык учим. Трехязычие - идея созданная из жизненной необходимости. Во все времена, владеющие несколькими языками государства и народы повышали свою способность общения и интеграции. Данная статья направлена сравнить материально-культурные единицы трехязычия, на основе фольклора Тоболо-Торгайского края, используя материалы казахского, русского, английского языка.

Ключевые слова: язык, отношения, трехязычие, единство, развитие.

MATERIAL – CULTURAL UNITS OF TRILINGUAL (BASED ON THE FOLKLORE OF TOBOL - TURGAI EDGE)

Absadykov AA – Provost for Academic and educational work, doctor of philological sciences, Kostanay State University A.Baitursynov.

Kayypbaeva A. – Docent of language and literary theory, Kostanay State University A.Baitursynov.

Aytmagambetova T.A. – The 2nd year graduate student of Faculty of Philology, Kostanay State University A.Baitursynov.

Language is the foundation of the nation. This mirror opens up the world of the soul. The development of language - one of the most important directions of the state policy in the country. The optimal solution to language problems - the compatibility of international relations, which is the basis for strengthening national unity and social agreement. President Nazarbayev said: "Knowledge of three languages for the modern citizen of Kazakhstan is a prerequisite for success." The idea of the "trilingual" The head of state announced in October 2006 at the XII Congress of the Assembly of Peoples of Kazakhstan. In 2007 in his message "New Kazakhstan in the new world," suggested the implementation of the cultural project "trilingual language." This idea is an individual area of domestic policy, as well as, the spiritual development of the peoples of Kazakhstan. That is, the purpose of the idea is that all peoples of the world must recognize Kazakhstan as independent states, which use three languages. They are: Kazakh language - the state language, the Russian language - the language of international relations and English is a language of successful integration into the world economy. In other words, the idea of the three languages can be explained to a simple and clear formula: developing a national language, Russian language support and English language teaching. Trilingual - from the idea to create a vital necessity. At all times, owning neskolkomi languages of states and nations improved their ability to communicate and integrate. This article aims to compare the material and cultural unity trilingual, based on the folklore of Tobol-Turgai edge, using materials of the Kazakh, Russian and English.

Key words: language, relationship, trilingualism, unity, development.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Қазақстан халқының рухани дамуымен қатар, бұл идея ішкі саясатымыздың жеке бағыты болып белгіленді. Яғни, идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Айтпақшы, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, «ақылды» экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған.

Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Атап айтарлығы, көпұлтты Қазақстанның жағдайында «Үштұғырлы тіл» ұлттық жобасы қоғамдық келісімді нығайтудың негізгі факторы болып саналады. Алайда, еліміздегі негізгі үш тілді дамытуға басымдық беру – басқа халықтардың тілдерін назардан тыс қалдыру деген сөз емес. Мәдениеттер мен тілдердің саналуандығы – бұл біздің ұлттық байлығымыз. Ал «Үштұғырлы тіл» идеясының құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол.

Әр этностың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық дүниетанымын танытады. Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын аңғаруға болады. Осыған байланысты қазақ халқының ұлттық киімдері жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: сәби киімі (иткөйлек, сылау тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, камзол, кебіс, мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кебіс, мәсі) т.б. Сол сияқты той, жиын, аза кезінде киетін киім

түрлері де болған. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б.) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді.

Ата – бабаларымыз көшпелі мал шаруашылығымен өте ерте заманнан бері айналысып келген. Сол бағзы замандардан бері халық шеберлері мал мен аңның терісін, жүнін, мүйізін, сүйегін, тұяғын, құйрық – жалын үлкен шеберлікпен ұсатып, олардан киім-кешек, қару-жарақ, ат әбзелдерін, ыдыс-аяқ, тағы басқа толып жатқан тұрмысқа қажетті бұйымдар жасаған. Әрбір іске әр түрлі терілер пайдаланылған. Шеберлер оның әрқайсысына өзінше атау берген. Мысалы, ірі қараның терісі әрбір іске арнайы пайдаланылғандықтан, соған қарай : сиыр терісі, өгіз терісі, тайынша терісі, бұзау терісі деп төртке бөліп атайды да, әр терінің өн бойы - жондық, қабырғалық, үйектік, пұшпақ, мойын деген бөліктерге бөлінеді. Жылқы терісін: бие терісі, жабағы және құлын терісі деп үшке бөледі. Түйе терілерін: атан терісі, бота терісі деп екіге бөледі. Атан терісі, өгіз терісі және олардың жондықтары қол істеріне ең қолайлысы. Қой терілері : жабағы тері, қырықпа тері, күздік тері, соғым терісі, тақыр тері, тоқтышақ терісі, сеңсең тері, елтірі, мари, жылбасқа деп бөлінеді. Осы терілер киім түрлерінің барлығына жарай береді. Ешкі терісін: жүндес тері, тақыр тері, түбітті тері, серке терісі, лақ терісі, мари терісі деп бөледі. Ешкі терілері өте төзімді, берік келеді. Сондықтан одан алуан түрлі киімдер тігеді, бөстек, тулақ, торсық, саба, қапшық жасайды.

«Киім» сөзін тақырыптық топтың лингвомәдениеттану жағынан қарастыру ең өнімді болып табылады, өйткені тұрмыстық бірліктердің семантикасына жататын киімдердің атауы оның халықтың күнделікті өмірмен байланысының күшіне қарай мәдени құрамдас бірліктері анық айқындалған.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы өте жоғарысы — бас киім. Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Қазақтың «дос аяғына қарайды, дұшпан басына қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан болу керек. Қазақ әйелдерінің бас киімдері олардың жасы мен отбасы жағдайына байланысты бір-бірінен көп ерекшеленіп отырған. Жазды күні қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия киген. Қыздардың негізгі киетін бас киімі кәмшат бөрік болған. Әйелдердің ең қымбат бас киімі қалыңдықтың тойға киетін сәукелесі есептелген. Ері бар егде тартқан әйелдер әшекейі жоқ, ақ матадан тігілген бас киім киген немесе жаулық тартқан.

Тақия. Үкілі тақия қазақ қыздарының ерекше ұнатып киетін бас киімі. Ол ұлттық өрнек мәнеріне тігілуіне қарай әр түрлі болған. Қыздардың тақиясы қызыл, күлгін, жасыл т.б. түстермен, шұға, барқыт, мәуіті сияқты маталармен тігіледі. Түрлі-түсті моншақ-маржан, алтын, күміс теңгелер және асыл тастармен безендірілген. Үкінің үлпілдек қауырсыны әсемдік үшін тақияны төбесіне қадайды. Бұл қазақ халқының арасына көне діни ұғымға байланысты үкі құсын «қасиетті құс» деп тотем тұтқандығынан пайда болған.

Тақия - кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім.

Сәукеле - ұзатылған қыз киетін бас киім. Оны арнайы басылған, ақ киізден немесе арасына жүн салып сырыған матадан жасап, сыртын арнайы барқыт, атлас, мәуіті, шұға сияқты қымбат маталармен қаптайды. Шетіне құндыз, кәмшат терісі ұсталады.

Сәукеле үш қарыс шамасындай болып, өн бойына алтын, күміс, меруерт-маржаннан әшекей тағылып, сыртын жібек жіппен кестеленеді және арнайы күмістен жасалған төбелдір маңдайшасы болады. Сыртында жерге жететін, ақ жібек жаулық болады. «Сәукеле» лексемасы «сәу» және «келе» толық мағыналы екі сөзден құралған.

Е.Жанпейісовтың докторлық диссертациясында «сәукеле» сөзінің этимологиясы жайлы былай дейді: «компонент сәукеле разным языкам: сау /сәу/ из общетюркского, күла/күлә~кела~келе/ из персидского сау/сәу/ - выражает значение целый всецело, целиком; а компонент келе как название головного убора связан с его основным признаком -конусообразностью, относительно удлинённостью».

Кимешек - көбінесе, ақ матадан немесе, ақ жібектен тігілетін бас киім. Кимешек басты, кеудені, арқаны жауып тұратын болған. Оның жиектерін көмкеріп кестелейді. Жас келіншектердің бет жақтауы жалпақтау болып, кестесі-де көркем тігіледі. Мосқал тартқан әйелдердің кимешегінің бет жақтауы тар болады. Бірақ әшекеленбейді.

Жаулық - әйелдер басына тартатын орамал. Жаулықтың жібектен, матадан, жүннен жұқа етіп тоқылғаны да, қалың етіп тоқылғаны да болады. Жүннен қалыңдап тоқығанын «бөртпе» деп атайды. Жібектен не матадан шашақ шығармай тоқыған түрін «салы» деп те атаған. Қазақ әйелдерінің жас ерекшелігіне қарай жаулық әртүрлі болады. Бұл сөз түркі тілдерінің бәрінде-де кездеседі.

Бөрік -елтіріден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім. Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық бөрік болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай, қос астарланып тігіледі. «Бөрік» сөзі түркі тілді халықтардың бәріне ортақ сөз. Бұл лексеманың этимологиясы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Көрнекті түркітанушы ғалым Н.К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атауды «бөрі» сөзімен байланыстырады. В.В. Радлов «кәмшат-камчатский боберъ» дегеннен шыққан дейді - де, мынандай мысалдар келтіреді: камчат бөрік - шапка из бобрового меха».

1. Уәждемелік образдылық орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде әр түрлі деңгейде көрсетіледі. Лингвокультуремалардың атауларының негізіне алынған белгілердің ұлттық – ерекшеліктері бар.

2. Осы тілдердің атауыштық моделдерінің әр түрлілігіне қарамастан жасалу жолдарында лингвокультуремалардың негізінде метафоралық және метонимиялық мағыналар жатыр.

Орыс тіліне қарағанда ағылшын тілінде зерттелетін лингвокультуремаларға кейіптеу тән, бұл ағылшындардың менталитетіне байланысты кез келген нәрсені нақтылау қасиеті байқалады.

Ағылшын тілі мен орыс тілінің киім атауларын екі топқа бөлуге болады:

1) алғашқы номинацияның атауы; 2) екінші номинацияның атауы.

Алғашқы номинацияның атауын беру үрдісі сирек кездесетін құбылыс. Көп жағдайда жаңа атау қолданыстағы бар тілдің негізінде екі немесе оданда көп қоршаған болмыстағы объектілердің арасындағы ассоциациялық байланыс орнатуға негізделетін екінші номинацияның атауын беру процесінде беріледі. Жаңадан жасалған сөздің ішкі пішіні лексикалық мағынасымен байланысты болып келеді. Мысалы: ағылшын тіліндегі sleeper

(«to sleep» – ұйықтау) – баланың пижамасы немесе орыс тілінде фонарик (от «фонарь») – қол шамға ұқсайтын женнің түрі. Жаңа атауды жасау ағылшын тілі мен орыс тілінде 2 тәсілмен жүзеге асады: грамматикалық (аффиксация) және семантикалық (мағына ауыспалылығы). Бұл тілдерде киім атаулары екінші номинация арқылы аталатыны ұқсас белгілерінің бірі. Бұл тілдердегі лингвокультуремалардың жасалу жолдарын үшке бөлуге болады:

1. Етістікпен уәждеделетін лингвокультуремалар.

2. Сын есімдермен уәждеделетін лингвокультуремалар.

3. Зат есіммен уәждеделетін лингвокультуремалар.

Орыс тілінде етістікпен уәждеделетін лингвокультуремалар процесті белгілейді: (купаться – купальник), (накидывать – накидка),

Зат есіммен уәждеделетін лингвокультуремалар адамға, затқа байланысты болып келеді: (рука – рукавица, ветер – ветровка, ухо – ушанка).

Қазақ тілінде: қол- қолғап, бел-белбеу, бел-белдемше. **Кеудеше** - кеудеге киетін сырға, жұқа жеңіл киім. **Тізеқап** – суықта, аязды күндері киетін ауы, ышқыры жоқ екі балақ. Ағылшын тілінде етістікпен уәждеделген лингвомәдени бірлік бір іс әрекетті орындауға арналған ((suspend (көтермелеу) – suspenders (тартпа)), (sweat(терлеу) – sweater (свитер) (спорттық тоқыма жылы киім). **Қазақ тілінде: орау – орамал;**

Сын есіммен уәждеделген лингвомәдени бірлік сипаттау мағынасын білдіреді (tight (қатты керілген); – tights (колготки)). Шұлықдамбал.

Ағылшын тілінде күрделі лингвокультуремалар жиі кездеседі: (great (үлкен)+coat (пальто) – greatcoat (шинель)), (windbreaker (ветровка) – wind (жел) + break (бұзу), bodyshaper (грация) – body (дене) + shape (пішінге келтіру), chinwiper (слюнявчик) – chin (иек) + wipe (сүрту). **Қазақ тілінде: аяқ киім, бас киім, шұлықдамбал деген мысалдарды келтіруге болады.**

Ағылшын тілінде еркін тіркесетін атаулар да кездеседі, мысалы: лингвокультурема button-through dress (түймелі көйлек) – көйлек бойы үймелер деп аударылады. Орыс тілінде мұндай тәсіл кездеспейді.

1. «Пішін» атау принципі

mushroom (от «mushroom» – гриб) – женская соломенная шляпа с опущенными полями;

косынка (от «косой») – женский треугольный головной или шейный платок.

2. «Әлеуметтік, ұлттық, кәсіби» атау принципі

cardinal (от «cardinal» – кардинал) – пальто, по форме напоминающее сутану кардинала;

фуражка (от «фуражир») – головной убор с околышем и козырьком (изначально, головной убор фуражира).

3. «Орын» атау принципі

операhat (от «опера» – опера) – цилиндр;

сланцы (от названия города Сланцы, в котором располагался завод «Полимер», производящий данный вид обуви) – разговорное название резиновых шлёпанцев.

4. «қасиеті» атау принципі

soaker (от «soak» – впитывать) – детские непромокаемые трусики;

разлетайка (от «разлетаться») – одежда свободного покроя, разлетающаяся книзу.

5. Принцип номинации «мақсат») атау принципі sleeper (от «tosleep» – спать) – детская пижама-комбинезон;

подтяжки (от «подтягивать») – две скрепленные, обычно прорезиненные широкие тесьмы.

6. «кию тәсілі» атау принципі

pullover (от «pull» – тащить + «over» – через) – пуловер;

передник (от «перед») – одежда, защищающая перед платья от грязи.

7. «қолданылған материал» атау принципі

bearskin (от «bearskin» – медвежья шкура) – меховой кивер английских гвардейцев;

ватник (от «вата») – стеганая ватная куртка или безрукавка.

Киізден жасалатын киімдер 1. Байпақ. 2. Кебенек. 3. Киіз кебіс. 4. Киіз бөрік. 5. Пима.

Байпақ – етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп жүннен басылған не киізден істелген қонышты шұлық.

Кебенек - 1. Малшылардың жауын-шашыннан, аяздан, бораннан қорғану үшін киетін, жұқа киізден тігілген сырт киім, сулық. 2. Сыртқы жамылғы, бастырма.

Киіз кебіс – киізден дайындалған кебіс.

Киіз бөрік – киізден жасалған бас киім.

Пима – жүннен басылған қысқы аяқ киім.

Теріден жасалатын киімдер. Құлақшын – бағалы аң терілері мен бұзау, құлын, қозы- лақтың бұйра терісінен (елтірі) тігіп, киеді. Қысқы бас киім.

8.«адам дене мүшелері атаулары атау принципі

leggings (от «leg» – нога) – гамаши, обтягивающие колготы до щиколотки;

тельник/тельняшка (от «тело») – матросская нижняя трикотажная рубашка в сине-белую полосу.

қолғап («қол»-рука) –қолды суықтан қорғайтын киім.

Бағзы заманда «аттың жалы-түйенің қомында» көшпелі тірлік кешкен қазақ халқы күнделікті тұрмыста киетін киімге айрықша назар аударған. Ата-бабаларымыз әрбір киімді адам денесін құбылмалы ауа райынан қорғайтындай берік те төзімді етіп тіккен. Ең маңыздысы, сонау жылдардың өзінде қазақ халқы өзінің ұлттық киімдерінің кереметтігімен көрші халықтарды таңдандырып отырған. Қазақтың ұлт киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер ішіндегі рулардың аттарымен де айтылады. Мысалы, арғын тымақ, найман тымақ, қызай бөрік, ноғай бөрік т.б. Кейде географиялық мекен атына қарай да ерекше мәнер үлгіге бөлінеді - қоңырат үлгісі, жетісу үлгісі, арқаның үлгісі және т.б. Орта жүздің шапандары көбінесе бір беткей матадан, сырусыз, сирек қабылып, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары шолақ ойма немесе түймелі болып келеді. Өйткені орта жүз қалаға жақын, орыс, татар халықтарымен аралас-құралас отырады. Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері ұзын және кең, жүн тартқан, бидайлаған қалың, қайырма жағалы болып келеді. Осындай ара-тұра айырмашылықтары бола тұра, солардың бәріне бірдей ортақ, ұлттық мәнер мен қазақша атаулары бар. Үш жүздің қайсысында болса да шапанға шабу қояды және оны барлық жерде шабу деп атайды. Жеңтүптері кең келеді де, оны жеңтүп, ойынды, қолтырмаш деп атайды. Үш жүздің қайсысы болса да шалбарға ау қояды, қолтырқа қолтырмаш салады. Қазақ киімдерінің ең ықшамды кішірек түрлері орта жүз бен ұлы жүзде, ал ең мол, үлкен үлгілері кіші жүз жақтан кездеседі.

Қазақ киімдері іштік, сырттық, сулық, бір киер делініп төрт топқа бөлінеді. Іштік киімдерге - көйлек, дамбал, желетке, қамзол, көзекей, сырттық киімдерге - шапан, күпі, тон, шидем, сулық киімдерге - шекпен, қаптал шапан, брезент, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Біркіер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, жат елге сапар шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақтың «таныған жерде бой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы» дейтін мәтелі де осыны аңғартады. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдерінің ең жақсы көрнектісін киетін. Осыған орай қазақ тіліндегі киім атаулары «әлеуметтік дәрежені» білдіреді деп айтуға болады.

Қорыта келгенде әр тіл ұлттық менталитеттің өмір сүру салтының, ұлттық тарихының бөлігі болып табылады. Ағылшын тілінде атау беру топтарының көпшілігі киімдердің қасиеттері мен сапасына байланысты болса, ал орыс тілінде сол киімнің қандай іс-әрекет барысында қолдануға икемділігі. Бұл салыстырылып отырған тілдер Тобыл-Торғай өңірі фольклорының тілдік бейнесінің қалыптасуының жалпы тенденциясын бейнелеп көрсетеді. Бұл салыстырылып отырған тілдер дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыруда жалпы тенденцияны бейнелеп көрсетеді. Орыс тіліндегі дүниенің тілдік бейнесі «іс-әрекет» бейнесі ретінде көзге елестейді, ағылшын тіліндегі дүниенің тілдік бейнесі – «сипаттама» ретінде. Қазақ тілінде киімнің қандай іс-әрекет барысында қолдануға икемділігіне және қасиеттеріне байланысты атау беріледі.

Мақала Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің гранты бойынша «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» атты ғылыми жобасының аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000. – 208 б.
2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Алматы, 2009. – 368 б.
3. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2001. – 301 б.

4. Воробьев В.В. Лингвокультурология (Теория и методы). – М.: Рос.ун-т Дружбы народов,1997. – С.49.
5. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. Пособие для ст.гум.вузов и уч-ся. М.: Аспект-пресс, 1996. С. 59.
6. Опарина Е. О. и др. Язык и культура: Сб. обзоров. М.: ИНИОН, 1999. С. 30.
7. Ощепкова В. В. Язык и культура Великобритании, США, Канады, Австралии, Новой Зеландии. М.; СПб.: ГЛОССА/КАРО, 2004. С. 82.
8. Джусупов М. Тюркская фоностилистика (на материале узбекского языка): монография / М.Джусупов, К. Сапарова. - Астана : Сарыарка, 2011. - 238 с.
9. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. А. Құралұлы, Алматы, Сөздік – словарь.1997.
10. Ж. О. Артықбаев, Ә. Ә. Сабданбекова, Ә. Қ. Елемесов, Е. Н. Дауенов. Дәстүрлі қазақ этнографиясы , Павлодар 2008.

References:

1. Orazbayeva F. Tildik katynas: teoriyasy jane adistemesi, Almaty, 2000. - 208 b.
2. Orazbayeva F. Til alemi. Almaty, 2009 – 368 b.
3. Qadaşeva K. Janasha jangyrtyp okytudyn gylimi adistemelik negizderi: ozgetildi darishanalardagy kazak tili: Ped.gyl. doc. ... diss. - Almaty, 2001. - 301 b.
4. Vorobyov V.V. Lingvokulturologiya (teoriya I metody). - M.: Ros.un-t Druzhby narodov,1997. – С.49.
5. Меçkovskaya N.B. Sotcialnaya lingvistika: Posobie dlya st.gum.vuzov I uch-sya. M.Aspekt-press.M.: Aspect - Press, 1996. S. 59.
6. Oparina E.O. I dr. Yazyk I kultura: Sb. Obzorov. M.: INION, 1999.C.. 30.
7. Oşşepkova V.V. Yazyk I kultura Velikobritanii, SSHA, Kanady, Avstralii, Novoi Zelandii. M. SPb. GIOSSA/KARO, 2004. S. 82.
8. Dzhusupov M. Turkskaya phonostilistika (na materiale uzbekskogo yazika): monographiya / M. Dzhusupov, K. Saparova. - Astana: Saryarka, 2011. - 238 с.
9. Kazak dasturli madenietinin aentsiklopediyalyk sozdigi. A. Kuraluly, Almaty,Sozdik – slovar. 1997.
10. J.O. Artykbayev, A.A. Sabdanbekova, A.K. Yelemessov, Y.N. Dawenov. Dasturli Kazak ethnographiyasi, Pavlodar 2008.

Авторалар туралы мәлімет

Айтмағамбетова Тоты Әбдібекқызы - «Қостанай ауданы әкімдігінің аудандық тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, филология факультетінің 2-курс магистранты, телефоны: жұмыс тел. 8 71453 22363, ұялы т. 8 701 321 00 18, e-mail:a_toti@mail.ru

Айтмағамбетова Тоты Абдибековна – директор КГУ «Районного центра обучения языкам акимата Костанайского района». Магистрант 2-курса филологического факультета Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, телефон: рабочий тел: 8 71453 22363, сотовый: 8 701 321 00 18, e-mail:a_toti@mail.ru

Aytmagambetova Toty Abdibekovna - Director of the KSA "District center of language training of Kostanay's region". The 2nd year undergraduate of Philology Faculty of Kostanay State University A.Baitursynov. Phone: Work Phone: 8 71 453 22363, mobile: 8701321 00 18, e-mail: a_toti@mail.ru